

Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, Д.Кунаев к, 39 үй
Индекс 010000

**Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының
төрағасы Ж.К.Асанов мырзаға**

Техника ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының
академигі, профессор **Гиладжов Есенгалидан**

АЛҒЫС ХАТ

*(Атырау облыстық сотының судьялары А.У.Салиховаға,
Б.Б.Нұржановаға, С.К.Хасанға және Атырау облысының
мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы
З.Г.Байназароваға)*

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қазақта мақал бар. Тәуелсіз еліміздің дамуы және оның бірден-бір жетістігі – сот жүйесінің жаңаруы. Сот жүйесінің тәуелсіздігі өте маңызды.

«Әділ сот төрелігі және азаматтардың сот билігіне деген сенімін арттыру міндетті шарт болуы керек» деген Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жаңа Қазақстанда жаңа бағдармен жаңа судьялар істерді жанаша қарауда.

Айта кетсек, Атырау облысында Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты халық үшін, халықтың мүддесі үшін құрылған сықылды. Себебі, бұл сотта менің бұзылған құқықтарым мен мүдделерім қорғалды, бұзылған құқықтарым қалпына келтірілді. Сол соттың судьясы Байназарова Замира Габитовна менің ісіме төрағалық етіп, әрбір құжатпен жіті танысып, сот отырысын уақытылы бастап, істі жан-жақты қарады. Мемлекеттік органның қызметкерлерінің жалғыз баспанамды жекешелендіруден бас тарту әрекеттерін заңсыз деп танып, талабым толық қанағаттандырылды. Сот отырысы барысында төрағалық етуші судьяның өзін ұстауына, сабырлылығына, іске қатысушыларға құрметпен қарауына, заңдылықтың сақталуын қатаң қадағалауына тәнті болдым.

Осы шешімнің заңдылығын тексерген Атырау облысының судьялары А.У.Салихова, Б.Б.Нуржанова және С.К.Хасанға алғысым шексіз. Атырау облыстық сотының судьяларының халықтың жағдайын түсініп, қарапайымдылық танытып, заңның тілін қарапайым тілмен түсіндіріп, істі созбалаушылыққа салмай, тараптарға сұрақтарды да нақты қойды. Төрағалық етуші судья А.У.Салихова сот процесінің заңды жүргізілуін

қатты қадағалап, біліктілігі мол, тәжірибесі жоғары судьялар екендігін көрсетті. Соттардың халыққа етене жақын екендігіне куә болдым. Сотқа сенімім одан сайын арта түсті.

Атырау облысының судьяларының әділдікті ту етіп, халыққа адал қызмет жасап келе жатырғанына көзім жетті.

Жаңа соттың құрылуы, ондағы білікті судьялардың жұмыс жасап жатырғандығы, облыстық соттың судьяларының бірінші саты судьяларының сот актілерін заңдылығын қатаң қадағалап, жан-жақты, объективті тексеріп, әділ шешім қабылдағаны көңілімді жылытты.

Осыған орай, еліміздің, ұрпағымыздың болашағының жарқын екендігіне толық сеніммен айта аламын!

Мен техника ғылымдарының докторы, профессоры, Қазақстанның Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Республикасының мұнай химиясы және экология саласындағы ғылымын дамытуға еңбек сіңірген зейнеткер ғалымы ретінде алғысым шексіз!

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген нақыл сөз бар.

Осы хатым арқылы Сізге және Сіз басшылық етіп отырған Атырау облыстық сотының судьялары А.Салиховаға, Б.Б.Нұржановаға және С.К.Хасанға және Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы З.Байназароваға үлкен ризашылығымды білдіре отырып, қызметтеріңізге сәттілік, дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға амандық тілеймін!

Ізгі ниетпен: Гиلاجов Есенгали

23 мамыр 2022жыл.